ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 2 мамыр №2301-25-00-2/784 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.М.Момынжанов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Атырау аудандық пайдалану бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«DripBox4u» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып, судья

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Атырау аудандық пайдалану бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

«DripBox4u» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«DripBox4u» жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне 649 (алты жүз қырық тоғыз) теңге тұрақсыздық айыбы, 1 985 (бір мың тоғыз жүз сексен бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған

(жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Атырау облыстық сотының азаматтық істер бойынша сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым немесе прокурордың өтінішхаты келтіруге мүмкін.

Судья **Ж.М. Момынжанов**

Құжатқа қол қойылған: Момынжанов Ж. М., 02.05.2025

Заңды күшіне енген күні: 11.06.2025, судья Момынжанов Ж. М., 20.06.2025

2301-25-3-1/891